



## Республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөніндегі комиссия құру туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі N 836 Қаулысы. Қүші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 419 қаулысымен.

**Ескерту. Қүші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.07.2018 № 419 қаулысымен.**

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссияның құрамы;

2) Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Премьер - Министрінің

міндеттін атқарушы

Республикасы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 4 қыркүйектегі

N 836 қаулысымен

бекітілген

## **Республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөніндегі комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970; өзгеріс  
енгізілді - 06.03.2017 № 107; 26.01.2018 № 34 қаулыларымен.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, төрағаның  
орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі департаментінің  
директоры, хатшы

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары  
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформа және өндірлік даму комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің өкілі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 4 кыркүйектегі  
N 836 қаулысымен  
бекітілген

## **Респубикалық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөніндегі комиссия туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Респубикалық меншікке жататын объектілерге қатысты концессиялар жөнінде комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия концессиялық жобаларды қарау және іріктеу үшін құрылады.
3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясы мен зандарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

### **2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары**

4. Комиссияның негізгі міндеттері:
  - 1) концессиялық жобаларды қарау және іріктеу;
  - 2) конкурсқа қатысушылар берген барлық конкурстық өтінімдерді қарау;
  - 3) концессиялық жобаны және концессия шартының талаптарын нақтылау жөнінде келіссөздер жүргізу;
  - 4) концессионер таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары бойынша концессиялық жобаларды бекіту болып табылады.
5. Комиссия өз міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін Комиссия отырыстарына шақыруға және тындауға;

2) концессиялық жобаларды іріктеудегі проблемалық мәселелерді талдау және зерделеу үшін қажетіне қарай мамандарды, сарапшылар мен ғалымдарды тартуға;

3) мемлекеттік және басқа ұйымдардан Комиссия міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға құқылы.

### **3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

6. Комиссияны төраға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары басқарады. Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасын және тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне дербес жауаптылықта болады.

Төраға болмаған уақытта оның функциясын оның тапсырмасы бойынша орынбасары атқарады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

7. "Комиссияның құрамына Ұлттық экономика, Қаржы, Әділет, Инвестициялар және даму, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, Білім және ғылым министрліктері бірінші басшыларының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары (келісім бойынша) және алмастыру құқығынсыз республикалық меншікке иелік ету жөніндегі уәкілдегі органның басшысы кіреді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

8. Концессия жөніндегі конкурстың тиісті ұйымдастырушысы Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

9. Комиссияның жұмыс органы комиссияның жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса комиссия мүшелеріне жіберілуге тиіс.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің қызметкері Комиссияның хатшысы болып табылады.

Комиссия хатшысы отырыс өткізілгеннен кейін хаттама ресімдейді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.**

11. Комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі. Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде Комиссияның отырысы занды деп саналады.

12. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көвшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес нысан бойынша дауыс беру парагын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдірге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парактарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парагын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парагын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не келіспеу туралы себептерін негіздей отырып жауап береді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

13. Комиссия отырыстарының қорытындылары бойынша жұмыс органды мүдделі тұлғаларға қарау нәтижелері туралы хабарлайды.

13-1. Дауыс беру парактарымен қоса, комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органды жүзеге асырады.

**Ескерту. Ереже 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

14. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде тоқтатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірткыш ақпарат институты» ШІЖКРМК